

# Әл-Фараби атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ  
Академиялық кеңес  
мәжілісінде бекітілген  
оқу ісі бойынша проректор  
Хикметов А.К.  
Хаттама № 6 \_\_\_\_\_  
« 22 » 06 2020 жыл

**8D04108 «Есеп және аудит» мамандығының докторантураға  
түсушілерге арналған емтихан бағдарламасы**

**АЛМАТЫ 2020**

Бұл бағдарлама 8D04108 «Есеп және аудит» Мемлекеттік жалпы білімдендіруші стандарты негізінде құрастырылған.

Бағдарламаны құрастырушылар: э.ғ.д, и.о. профессор Баймуханова С.Б, э.ғ.к, доцент Султанова Б.Б., э.ғ.к., доцент Оралбаева Ж.З., аға оқушысы Арыстамбаева А.З.

Бағдарлама Қаржы және есеп кафедра мәжілісінің отырысында қаралған \_  
Кафедра меңгерушісі \_\_\_\_\_ Нурмағамбетова А.З.  
Хаттама № 39 « 26 » 05 2020 жыл

Факультет әдісбюросының мәжілісінде расталған ЭБЖМ  
Әдісбюро төрайымы \_\_\_\_\_ Султанова Б.Б.

Хаттама № 9 « 27 » 05 2020 жыл

Ғылыми кеңес төрайымы,  
Факультет деканы \_\_\_\_\_ Сагиева Р.К.

Ғылыми хатшы \_\_\_\_\_ Смагулова Г. С.

Ғылыми кеңес отырысында бекітілген  
Хаттама № 11 « 29 » 05 2020 жыл

## МАЗМҰНЫ

**Оқуға түсу экзамені бағдарламасының мақсаты.** Докторларды (PhD) дайындау – оқытылатын бағдарламалардың сапасына аса назар аударуды талап етеді, себебі жоғары білікті мамандар сауатты экономикалық шешімдер қабылдауға, мүмкін болатын тәуекелділіктерді болжауға, ұйымның ішкі және сыртқы ортасының тұрақты өзгерістерін есепке алуға қабілетті болуы қажет. Осыған орай, «Есеп және аудит» мамандығы бойынша докторантураға оқуға түсу экзаменінің мақсаты – есептік-статистикалық зерттеулердің әдістемесі мен жаңа тұжырымдамаларын түсіну және білімін тереңдету, оқуға түсушілердің есеп және аудит аясында зерттеудің жаңа әдістерін қолдану сферасында терең теориялық және практикалық қабілеттерін қалыптастыру.

### **Оқуға түсу экзаменінің міндеті:**

- есеп және аудит аясында зерттеулердің әдістемелері мен жаңа тұжырымдамаларын түсіну және білімін тереңдету;
- докторанттарда маңызды зерттеу әдістерінің қызмет етудегі күрделі мәселелеріне қатысты ғылыми ойлау мінезін қалыптастыру;
- экономиканың түрлі салаларында бухгалтерлік есеп пен аудит сферасында зерттеу әдістерін өз бетінше қолдана алу қабілеттерін қалыптастыру.

-

**«Есеп және аудит» мамандығы бойынша докторантураға (PhD) түсуші тұлғаларға дайындық деңгейіне талаптары.**

«Есеп және аудит» мамандығы бойынша докторантураға (PhD) түсушілер білуге міндетті:

- бухгалтерлік есепті жүргізу әдістемесі;
- тереңдетілген басқару есебі;
- бухгалтерлік есеп пен аудиттің терминологиясын, концептуалды негіздерін білу;
- қаржылық есеп құрастырудың халықаралық стандарттарын;
- аудиттің халықаралық стандарттарын;
- бизнес-талдаудың жаңа әдістерін.

-

**Переквизиттер – жоқ**

## **Емтиханға дайындыққа арналған пәндер бойынша тақырыптар мазмұны**

### **1. ТЕРЕНДЕТІЛГЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕП.**

**1. Есепті күннен кейінгі оқиғалар. Тану және бағалау.** Есепті күннен кейінгі түзетуші оқиғалар. Есепті күннен кейінгі түзетілмейтін оқиғалар. Дивидендтер. қызметтің үздіксіздігі. ақпараттарды ашып көрсету.

**2. Сегменттік есептілік.** Шаруашылық сегмент пен географиялық сегменттің анықтамасы. Сегменттік түсімді, шығыстарды, нәтижелерді, активтер мен міндеттемелерді анықтау.

**3. Есептік сегментті анықтау.** Сегментті есептіліктің бірінші және екінші форматы. Шаруашылық және географиялық сегменттер. Есептік сегменттер.

**4. Сегменттің есеп саясаты.** Ақпараттарды ашып көрсету. Есептіліктің бірінші форматы. Екінші сегменттік ақпарат. Түсім. Түсімді бағалау. Мәмілені анықтау. Тауарларды сату.

**5. Түсім.** Қызмет көрсету. Пайыздар, лицензиялық төлемдер мен дивидендтер. Ақпаратты ашып көрсету. Қызметкерлерге қысқа мерзімді сыйақы. Тану және бағалау.

**6. Қызметкерлерге берілетін барлық қысқа мерзімді сыйақылар.** Қысқа мерзімді төленетін демалыс ақысы. Еңбек қызметінің аяқталуы бойынша сыйақылар.

**7. Мемлекеттік зейнетақы жоспарлары.** Зейнетақы төлемдерін сақтандыру. Еңбек қызметінің аяқталуы бойынша сыйақылар: бекітілген жарналар бойынша зейнетақы жоспары.

**8. Еңбек қызметінің аяқталуы бойынша сыйақылар:** бекітілген төлемдер бойынша зейнетақы жоспары. Тану және бағалау. Ақпараттарды ашып көрсету.

### **9. Ауыспалы міндеттемелер есебі. Баланс.**

**10. Актуарлық бағалау әдісі.** Сыйақыларды қызмет кезеңдеріне бөліп тарату. Актуарлық пайдалар мен зияндар. Өткен қызметтердің құны. Тану және бағалау: жоспардың активтері.

**11. Қызметкерлерге басқа да ұзақ мерзімді сыйақылар.** Тану және бағалау. Демалыс жәрдемақылары. Тану. Бағалау. Үлестік құралдар бойынша компенсациялық төлемдер. Тану және бағалау.

**12. Үлестік құралдармен өтемдік төлемдер.** Тану және бағалау. Мемлекеттік субсидиялар. Мемлекеттік ақшалай емес субсидиялар.

**13. Активтерге қатысты субсидиялар жөнінде ақпараттарды ұсыну.** Табысқа қатысты субсидиялар жөніндегі ақпараттарды ұсыну. Займдар бойынша шығындар - есептің негізгі тәртібі. Тану. Ақпараттарды ашу.

**14. Займдар бойынша шығындар - есептің рұқсат етілетін балама тәртібі. Тану.** Зейнетақымен қамтамасыз ету бағдарламалары бойынша есеп және есеп беру. Гиперинфляция жағдайындағы қаржылық есептілік. Аралық қаржылық есептілік

**15. Активтердің құнсыздануы.** Құны төмендеген активтерді идентификациялау. Ақша қаражаттарының болашақ ағымдары бағаларының құрылымы. Шетел валютасындағы ақша қаражаттарының болашақ ағымдары.

**16. Бағалау міндеттемелері, шартты міндеттемелер және шартты активтер** Резервтердің және шартты міндеттемелердің классификациясы. Резервтерді тану және бағалау тәртібі. Үлестік құралдар негізіндегі төлемдер мен мәмілелер. Жалпы ереже.

**17. Қызметтерді көрсетумен байланысты мәмілелер.** Ұсынылатын үлестік құралдардың әділ құнын ескере отырып бағаланатын мәмілелер. Үлестік құқықтарды бөлу шарттарының есебі.

**18. Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтердің (немесе есептен шығарылатын тобы) жіктелуі.** Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтердің жіктелуін бағалау. Ұзақ мерзімді активтерді бағалау.

**19. Құнсызданудан және оларды реверсиялаудан туындаған зияндарды тану. Сату жоспарындағы өзгерістер.** Тоқтатылған қызмет бойынша ақпараттарды беру. Жалғастырылатын қызметке қатысты табыстар мен зияндар. Банктердің және өзге де қаржылық институттардың қаржылық есептілігіндегі ақпараттарды ашу.

**20. Негізгі банктік тәуекелділіктер.** Қамтамасыз ету сапасы негізінде салынған активтер.

Сенімді операциялар. Байланысты тараптармен операциялар. Ауыл шаруашылығы. Жалпы ұғымдар. Тану мен бағалау. Табыстар мен зияндар. Мемлекеттік субсидиялар.

## **2. ТЕРЕҢДЕТІЛГЕН БАСҚАРУ ЕСЕБІ**

**1. Тереңдетілген басқару есебінің мақсаты мен міндеттері тереңдетілген басқару есебінің негізгі қағидағтары, мәні тәсілдердің жиынтығы.** Болжанбаған факторлар. Басқару түрлері қызмет ету саласына байланысты, яғни қамтамасыз ету процестері, дайындау, өндіру, өткізу және де әрбір процестердегі соңғы нәтижелерді өлшеу.

**2. Экономикалық пайда әрбір процестің ішінде: дайындау, өндіріс, өткізу және басқару.**Тереңдетілген басқару есебінің қалыптасу және даму мәселелері.Бағдарланатын және бағдарланбайтын шешімдер. Есеп ақпараттары, шешім қабылдау және анықталмағандық.

**3.Өзіндік құнды есептеудің қазіргі тәсілдері.**Өзіндік құнды есептеуді жетілдіру жүйесі. Операциялар бойынша өзіндік құнды есептеу жүйесі. Әртарапты өзіндік құнды анықтауды салыстыру. Операциялар бойынша өзіндік құнды есептеуді пайдалану.

**4. Қорларды қалыптастырудағы жедел және тиімді басқару шешімдерін қабылдау үшін шығындар мен шығыстар туралы ақпарат.**Логистика негіздері. Логистикалық шығындар және басқару. Шығындарды төмендетудегі логистиканың рөлі. Қорлардың мәні және қалыптасу кезіндеіі басқару есебі. Қорларды басқару есебінің шетелдік тәжірибесі және жабдықтау процестерінің шығындар есебі.

**5. Қорларды сақтауға кеткен шығындардың тереңдетілген басқару есебі.** Қойманы сақтау шығындарының ішкі есебі. Қойманың релеванттық шығындары. Қойма шығындарын азайту жолдары. Қоймасыз шаруашылық жұмыстарының жапондық әдісі. Қойма шаруашылығының және барлық қойманың өзін-өзі өтеуі.

**6. Халықаралық қойлым әдістерін қолдану (Сиф, Каф, Лекаж және тб.).** ТДШ есебін ұйымдастыру және оны қолдану.Шығындарды MINI әдісі және МАХI функциясы бойынша есептеу. Тереңдетілген басқару есебі жүйесінде инновациялық шешімдер. Капиталды бюджет құру кезеңдері. Қалпына келтіру әдісі. Табыстың есеп нормасы әдісі. Салық аспектілері.

**7. Жобаны талдау кезеңдері.** Жобаны таңдауда инфляция және белгісіздік ,жобаның тәуекелін бағалау. Инвестицияны бағалау және модельдеу үрдісі. Салық салудың әсері. Қазақстан Республикасының табиғатты қорғау қызметің шығындарың есебін ұйымдастыру.

**8. Қалдықтың басқару есебі, сыныптауы және түрі.** Қалдықтарды бағалау және оны құжаттық рәсімдеу. Жоғалтулардың есебі және сыныптауы. Басқару есебі жүйесінде стратегиялық есептің рөлі және мәні.

**9. Шығындарды толық бөлу бойынша өзіндік құнды есептеу.** Айнымалы шығындар бойынша өзіндік құнды есептеу. Өзіндік құнды нормативті әдіс бойынша есептеу.

**10. Өзіндік құнды функционалды есептеу.** Өзіндік құнды есептеудің қазіргі замандық әдістері (таргет костинг, нақты уақытында және тб). Бюджеттеу. Бюджетті дайындау тәртібі.

**11. Қаржылық бюджетті құру.** Капитал салымдарының сметасының құру мүмкіндіктерін анықтау және талдау. Капитал салымдарының сметасын құру мақсаты. Пайданы стратегиялық талдау және көрсеткіштерді бағалау жүйесі, стратегиясы.

**12. Басқарудың құрылымы және стилі. Белгісіздік және тәуекел.** Шығын функциясын анықтаудың жалпы қағидалары.Кіші квадраттар әдісі. Көп жақты регрессия талдау. «Шығын – өнім өндіру - пайда» талдау (ШӨП).

**13. ШӨП белгісізді жағдайында талдау.** Басқарушылық шешімдерді қабылдау: өнімді өткізу бағалары бойынша арнайы шешімдер қабылдау.

**14. Тауар мен қызметтің бағасын қалыптастыру.** Жоспарлау және басқару үрдісінің моделі. Сметаның әр түрлі қызметтері.Сметаны құру кезеңдері. Басқару түрлері.

**15. Ұзақ мерзімді қаржыландыру мен байланысты тәуекелді бағалау.** Тәуекелді бағалау. Левередж. Акцияға пайданы есептеу. Қаржы нарғынын коэффициенттері. Бизнесі ынталадныру. Максималдандыру және қанағаттандыру.

**16. Коммерциялық және коммерциялық емес ұйымдар.** Бухгалтерлік есепті талдау және коэффициенттерді қолдану. Шешім қабылдау негізі. Алғашқы күн бойынша есепті шектеу.

Коэффициент түрлері. Көлденең және тігінен талдау, бағытты талдау. Қаржылық коэффициенттерді талдау. Табыстылық коэффициенттері және биржалық коэффициенттер. Айналым қорларының құрылымы және қысқа мерзімді кредиторлық берешек.

### **3 Аудит**

#### **1. Аудиттің түрлері және мәні, мазмұны.**

Аудиттің мақсаты, міндеттері және функциялары мен объектілері, пәні. Аудиттің пайда болуы және оның даму кезеңдері. ҚР аудиторлық қызмет нарығының қазіргі жағдайы. Аудит постулаттары және концепциясы, компоненттері, қағидалары. қаржылық есептілік - аудиттің ақпараттық базасы. Аудит мақсаты көзқарасынан қаржылық есептілік элементтері аудит мақсаты және оларға жету әдістері. Аудит түрлері.

#### **2. ҚР аудитордың қызметін нормативті реттеу жүйесі**

ҚР "Аудиторлық қызмет туралы заң" заң және ҚР-дағы аудиторлық қызметті реттейтін басқада нормативті -құқықтық актілері. Аудиторлардың кәсіби аттестациялау жүйесі және ҚР аудиторлық қызметті лицензиялау. Аудиторлардың жауапкершілігі, міндеттері және құқықтары. Аудит стандарттары және кәсіби этикасы. Аудиттің халықаралық стандарты. Кәсіби этикалық кодексі. Аудиторлық қызметтің халықаралық тәжірибесі.

#### **3. Аудитті ұйымдастыру және жүргізу тәртібі**

Аудитті жүргізудің этаптары. Аудитті жоспарлау процесі. Клиентпен алдын ала танысу. Аудит жүргізу тәртібі. Аудитті жүргізу туралы келісім құру. Аудиттің бағдарламасын және жоспарды жалпы дайындау тәртібі. Аудиттің қорытынды этаптарындағы аудитордың жұмысы. Аудиторлық есеп (қортынды). Аудиторлық есеп құрудың жалпы талаптары және оны дайындау тәртібі. Аудиторлық есептің нысандары.

#### **4. Қаржылық есептілік аудиттің ақпараттық базасы ретінде**

Қаржылық есептілік элементтері аудитінің мақсаттары. Аудитті жүргізу циклдык және объектілер бойынша қарастыру. Қаржылық есептілік элементтерінің өзара байланысы. Хұқық құжаттарының аудиті. Қаржылық есептілік нысандары баптары бойынша ақпараттарының ашылуы мен құрастыру негіздері мен талаптары. Есеп және салық саясатының аудиті. Талдамалық процедуралар. ХҚЕС сәйкес есептегі жүйелік мәселелері.

#### **5. Аудит сапасын бақылау**

АХС 220 «Аудиторлық жұмыстардың сапасын бақылау». Сапаны басқару жүйесі. Аудитор жұмысының сапасын бақылаудың негізгі қағидалары. Аудиттің сапасын басқару процедуралары мен саясаты. Аудитордың жұмысының сапасын ішкі және сыртқы бақылау. Аудит сапасы үшін жауапкершілік.

Аудитті құжаттау. Жұмыс құжаттарын дайындаудың мақсаттары мен анықтамалары. Аудиторлық құжаттардың масштабы, мазмұны, формасы және типтері. Аудитордың үлгілік жұмыс құжаттары. Соңғы аудиторлық файлды қалыптастыру

#### **6. Ішкі бақылау жүйесі сипаттамасы**

Экономикалық бақылау және оның компания басқару жүйесіндегі орны. Тәуелсіз аудиттің қаржы - экономикалық жүйесіндегі рөлі. Бақылаудың мақсаты мен оның аудиторлық тексерістің жалпы мақсаттары мен өзара байланысы. Ішкі бақылаудың элементтерінің құрылымы. Тексеру жүргізу шарттары. Мәліметтерді электронды өндеудің аудиті. Ішкі бақылау жүйесі бағалау. Жүйенің құжаттық рәсімделуі.

#### **7. Аудиттегі жоспарлау**

АХС 300 «Қаржылық есептілік аудитін жоспарлау.» Жоспарлаудың рөлі мен мерзімдері .. Алдын ала жоспарлау. Алдын ала жоспарлау құжаттамасы. Аудиттің жалпы стратегиясын дайындау. Аудит жоспарын дайындау.

## **8. Аудиторлық тәуекелділік және оның маңызы**

АХС 320«Аудитті жоспарлау мен жүргізудегі маңыздылық» және ASA 200 «Тәуелсіз аудитордың негізгі міндеттері және аудиттің халықаралық стандарттарға сәйкес аудит жүргізу маңыздылығы. Аудиттағы маңыздылық концепциясы. Маңыздылықты бағалау критерийлері. Маңыздылықтың деңгейі мен ұғымының анықтамасы. Маңыздылықтың деңгейін анықтау талаптары. Аудиттің талдау нәтижелерінде маңыздылық қағидасының қолданылуы. Құжаттық рәсімдеудегі бұрмалаушылық белгілері. Алаяқтықты анықтау және қателіктер.

Аудиторлық тәуекелділік. Маңызды бұрмалаушылардың тәуекелділігі. Аудиторлық тәуекелділіктің негізгі компоненттері және олардың байланысы: ажырамайтын тәуекелділік, бақылау тәуекелділігі, анықталмаған тәуекелділік. Аудиторлық тәуекелділікті бағалау: аудиторлық тәуекелділіктің моделін ұсыну. Аудиторлық тәуекелділікті азайту стратегиясы.

## **9. Кәсіпорындар мен аудиторлық дәлелдеулерді алу әдістемесі**

АХС 500 «Аудиторлық дәлелдер». Аудиторлық дәлелдер түсінігі және түрлері Аудиторлық дәлелдемелерді жүргізудің әдістемелік ерекшеліктері. Аудитте қолданылатын бақылау әдістері және қабылдау жіктемесі. Сапалы белгілері бойынша құжаттардың жіктелуі. Тексеру қабылдасуы. Аудиторлық дәлелдеумен оның аудиттегі рөлі. Аудиторлық дәлелдеулерге қойылатын талаптар. Аудиторлық дәлелдеулерді жинау мақсаттарын орнату.

## **10. Аудиторлық іріктеу**

АХС 530 "Аудиторлық іріктеу. Аудиторлық іріктеу. Аудиторлық тексерістің іріктеу әдісі. Аудиторлық тексерістің іріктеудің негізгі қағидалары. Іріктеу өлшемесін анықтау. Таңдамалы элементтерін таңдап алу әдістері. Таңдап алуға әсер ететін факторлар. Таңдап алуға статистикалық және статистикалық емес қарастырулар.

## **11. Аудиторлық есеп**

МСА-700 Қаржылық есептілік бойынша аудиторлық есеп Аудиторлық есепті дайындау тәртібі, оның құрылымы мен мазмұны: кіріспе, аналитикалық және қорытынды бөлімдер Аудиторлық есепті дайындау түрлері мен тәртібі: сөзсіз жағымды, шартты түрде оң, теріс, өз пікірін білдіруден бас тарту. Арнайы аудиторлық тапсырмалар бойынша аудиторлық (қорытынды) есеп

## **12. Бухгалтерлік есеп және ішкі бақылау жүйесінің жалпы аудиті**

Аудиттелетін ұйымның есеп саясаты мен құжат айналымының аудиті. Құрылтай құжаттарының аудиті. Аудиттелетін ұйымның ішкі бақылау жүйесін бағалау.

## **13. Сатып алу кезеңінің аудиті**

Сатып алу кезеңінің шоттарының өзара байланысы және аудитінің бағыттары.Сатып алу кезеңінің аудитін жүргізудің ақпараттық көзі. Сатып алу кезеңінің шоттарының дұрыстығын анықтайтын талаптар мен аудит жүргізілгенде тексерілетін аудиторлық тұжырымдар.

## **14. Өндіріс кезеңінің аудиті**

Өндіріс кезеңінің шоттарының өзара байланысы және аудитінің бағыттары.Өндіріс кезеңінің аудитін жүргізудің ақпараттық көзі. Өндіріс кезеңінің шоттарының дұрыстығын анықтайтын талаптар мен аудит жүргізілгенде тексерілетін аудиторлық тұжырымдар.

## **15. Қаржылық қорытындының қалыптасуы мен сату кезеңінің аудиті**

Сату кезеңінің шоттарының өзара байланысы және аудитінің бағыттары. Қаржылық қорытынды есептің қалыптасуы мен сату кезеңінің аудитін жүргізудің ақпараттық көзі. Дебиторлық қарыздар аудиті.

#### **16. Ақша қаражаттарының аудиті**

Кассалар мен кассалық операциялардың аудиті. Банктің есеп айырысу шотына жүргізілетін аудиттің міндеттері және сәйкестілігі. Валюталық операцияларда аудиттің жүргізілу міндеттері және дәйектілігі, дерекнамалары. Есеп беруге міндетті тұлғалардың сомаларының аудиті.

#### **17. Ұзақ мерзімді активтердің аудиті**

Негізгі құралдар аудиті. Негізгі құралдар аудитінің міндеттері мен дәйектілігі. Негізгі құралдар балансында қалдықтардың бірдейлігін, есеп кезеңінің басы мен аяғындағы көрсетілген Бас кітап деректерімен, есеп регистрлері мен аналитикалық және синтетикалық есеп сәйкестілігіне көрсету ережесін тексеру. Материалдық емес активтер аудиті. Материалдық емес активтер туралы түсінік, олардың ерекшеліктері мен топтамалары. Материалдық емес активтердің жеке түрлерінің сипаттамасы. Материалдық емес активтердің баланста дұрыс көрініс табуының аудиті, Бас кітап деректемелерінің баптары бойынша тексеру.

#### **18. Инвестициялау кезеңінің аудиті**

Қаржылық инвестиция туралы түсінік. Бас кітапты баланстағы деректермен сәйкестілігін тексеру. Қысқа мерзімді инвестициясының дұрыс бағалануын тексеру. Аналитикалық есептің синтетикалық есепке сәйкестілігін тексеру.

#### **19. Міндеттемелер аудиті**

Кредиттермен займдар аудиті. Салық міндеттемелер аудиті. Еңбекақы бойынша операциялардың аудиті. Жеткізушілермен және мердігерлермен есеп айырысу аудиті. Ұзақ мерзімді міндеттемелер аудиті.

#### **20. Қаржылық нәтижелер және пайданы пайдалану аудиті**

Кірістер мен шығыстардың аудиті. Қаржылық нәтижелердің қалыптасуын тексеру. Кәсіпорын капиталын тексеру туралы негізгі ақпарат көздері. Капиталдың аудиті. Меншікті капитал есебін тексеру. Жарғылық капиталдың қалыптасу заңдылығының аудиті. Резервтік, қосымша төленген және төленбеген капитал аудиті.

#### **21. Аудитте талдау тәсілдерін пайдалану**

Кәсіпорынның қаржылық жағдайларының аудитінің мазмұны мен негізгі процедуралары, пайдалану кезінде қаржылық талдаулардың әдістемелік тәсілдерін пайдалану. Қаржылық тұрақтылық, төлеу қабілеттілігі және кәсіпорынның іскерлік белсенділігін талдау

### **ҰСЫНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ ӘДЕБИЕТТЕР**

1. Закон «О бухгалтерском учете и финансовой отчетности» от 27 февраля 2007 г. №5442 ред. 03.07.2019 с изменениями и дополнениями.
2. С.Грей, Б.Нидлз Қаржылық есеп: ғаламдық көзқарас. 2013 Houghton Mufflin Company. Berkley Street, Doston. MA02116-3764.
3. Кеулимжаев К.К. и др. Кәсіпорындағы қаржылық есеп. Оқулық/ ред. Рахимбековой/ Кеулимжаев К.К., Ажибаевой З.Н., Кинкузова К.К, Сальменова А.Т. -Алматы: Экономика , 2016
4. Баймұханова С.Б. Қаржылық есеп Алматы, Қазақ университеті 2017. 191 с.



5. Султанова Б.Б. Бухгалтерлік есеп негіздері. Алматы: 2016.
6. .Аудит. Учебник для бакалавров /под ред. Р.П. Булыги М.:, 2015 -431с.
7. Дюсембаев К.Ш. Теория и эволюция аудита. Монография.- Алматы., 2016 -722с.
8. Радостовец В.К., Радостовец В.В., Шмидт О.И. Бухгалтерский учет на предприятии, Алматы, НК «Центраудит», 2016 г.
9. Аудит.Оқу құралы./Б.Б. Сұлтанова , Б.Ш. Алтаев, А.З. Арыстамбаева.- Алматы: Қазақ университеті 2017- 178б.
10. Қаржылық есеп. Оқу құралы/ Сұлтанова Б.Б., Абишева Ж.А., Тулегенова Ф.М. және т.б./ Алматы: Қазақ университеті 2019- 348б.
11. Абленов Д.О., Основы аудита, Алматы, Экономика, 2015, 195-216.
11. АжибаеваЗ.Н. Аудит Алматы: Экономика 2016
12. Воронина Л.И. Аудиторская деятельность. Основы организации. – М.,Эксмо,2014г.
13. Ержанов М.С Аудит Алматы: 2016г.
14. Нурсейтов Э.О. Аудиторская деятельность – Алматы, Издательство LEM, 2015 -112
15. Нурсейтов Э.О., Нурсейтов Д.Э. Международные стандарты аудита: принципы и практика: Учебное пособие. – Алматы:, 2016. – 478 с
16. Черных М.Н., Юдина Г.А.Основы аудита (текст). – М.:Кнорус,2016 г.
17. Бернштейн Л. Анализ финансовой отчетности. Теория и практика: М., 2015г.
18. Дюсембаев К.Ш., Төлегенов Э.Т., Жұмағалиева Ж.Г. Кәсіпорынның қаржылық жағдайын талдау: Оқу құралы. - Алматы: Экономика, 2015
19. Демесінов Т. Ж. Қаржылық талдау: Оқулық. – Алматы: Дәуір, 2016. – 320 б.
20. В.А.Артеменко, В. Остапова Анализ финансовой отчетности. Уч. пособие. М., 2015 г.
21. Ефимова О.В. Финансовый анализ. М., 2016 г.
22. Ковалев В.В. Финансовый анализ. М., 2015 г.
23. Шеремет А., Негашев В. Методика финансового анализа. М.: 2016 г

### **Қосымша әдебиет**

1. «Шаруашылық серіктестіктер» Қазақстан Республикасының Президентінің жарлығы, 2 мамыр 2005 жыл №2255 (толықтырумен өзгертулермен. 10 июль 2008ж. №282-1).
2. «Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР Заңы 10 шілде 2006 жыл № 281-1 (өзгертулер мен қосымшалармен бірге 15желтоқсан 2009ж. №497-1)
3. ҚР-ның азаматтық Кодексі - Алматы: Юрист, 2016.-329с.
4. Абдыманапов А., Раимов бухгалтерлік есеп және қаржылық есеп принциптері : (оқулық). - Алматы, 2016.
5. Вахрушина М.С. Бухгалтерлік есеп. - М., 2016.
6. Вуд Ф. Бухгалтерлік есеп. -М., 2015.
7. Гетьман В.Г. Қаржылық есеп. - М., 2016.
8. Ержанов М.С. Нурумов А.А. «Қазақстан кәсіпорындарына қаржылық есептілік».2015
9. Назарова В.Л. Шаруашылық субъектілердің бухгалтерлік есебі. Алматы, "Экономика" 2016.
- 10.Назарова В.Л. Бухгалтерский учет хозяйствующих субъектов. Алматы, "Экономика" 2015г.
11. Аренс А., Лоббек Дж., Аудит, пер. с англ., М, «Финансы и статистика», 2016 г.

**Емтихан билетінің әрбір сұрағы бойынша жауаптарды бағалау шкаласы**

Әріптік жүйе бойынша бағалау	Балдардың сандық эквиваленті	% мәні	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалау
A	4,0	95-100	Өте жақсы
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	Жақсы
B	3,0	80-84	
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	
C	2,0	65-69	Қанағаттанарлық
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D-	1,0	50-54	
F	0	0-49	Қанағаттанарлықсыз
I (Incomplete)	-	-	Пән аяқталмаған (GPA есептеу кезінде есептелінбейді)
P (Pass)	-	-	«Есептелінді» (GPA есептеу кезінде есептелінбейді)
NP (No Pass)	-	-	«Есептелінбейді» (GPA есептеу кезінде есептелінбейді)
W (Withdrawal)	-	-	«Пәннен бас тарту» (GPA есептеу кезінде есептелінбейді)
AW (Academic Withdrawal)			Пәннен академиялық себеп бойынша алып тастау (GPA есептеу кезінде есептелінбейді)
AU (Audit)	-	-	«Пән тыңдалды» (GPA есептеу кезінде есептелінбейді)
АТТ-ған		30-60 50-100	Аттестатталған
АТТ-маған		0-29 0-49	Аттестатталмаған
R (Retake)	-	-	Пәнді қайта оқу